

**"Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту туралы
" Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау
министрінің 2002 жылғы 23 қыркүйектегі N 3 бұйрығына N 5 толықтырулар
енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2002 жылғы 14 желтоқсандағы N 43 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 18 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2086. Күші жойылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2005 жылғы 2 маусымдағы N 75 Бұйрығымен

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 27 бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1362 "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту туралы" қаулысының қабылдануына с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту бойынша бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қатынастарға әрекет етеді.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Э к о н о м и к а ж әне б ю д ж е т т і к
ж о с п а р л а у М и н и с т р л і г і н і ң
 2 0 0 5 ж ыл ғ ы 2 м а у с ы м д а ғ ы

N 75 бұйрығына қосымша

Б і р ы ң ғ а й б ю д ж е т т і к с ы н ы п т а м а с ы н
б е к і т у б о й ы н ш а б ұ й р ы қ т і з б е с і

36. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2002 жылғы 14 желтоқсандағы N 43 (тіркелген N 2086) "Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2002 жылғы 23 қыркүйектегі N 3 "Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы бекіту туралы бұйрығына N 5 толықтырулар енгізу туралы" бұйрығы...

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2002 жылғы 23 қыркүйектегі N 3 бұйрығына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасында:

бюджеттік шығыстардың функционалдық сыныптамасында:

1 "Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер көрсету" функционалдық тобында 1 "Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар" кіші функциясы мынадай мазмұндағы 001-кіші бағдарламасы бар 001 бағдарламамен, 016, 023 және 029 бағдарламаларымен, 106 бағдарлама әкімшісімен толықтырылсын:

"106 Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық
001 Әкімшілік шығындар
001 Орталық органның аппараты

016 Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою және өзге де күтпеген шығыстар үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің есебінен іс-шаралар өткізу

023 Өкілеттік шығындарға арналған қаражат есебінен іс-шаралар өткізу

029 Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Үкіметтің, орталық мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің сот шешімдері бойынша міндеттемелерін орындау";

2. Бюджеттік саясаты және жоспарлау департаменті (Б.Т.Сұлтанов) Құқықтық және ұйымдық жұмыс департаментімен (Е.Е.Исаев) бірге осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және 2002 жылғы 10 желтоқсаннан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Министр